

**«Қарасу орта мектебі» КММ-сі бойынша
2023-2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасы жұмысының
жылдық есебі**

Мектеп кітапханасының 2023-2024 оқу жылы аралығындағы жұмысының мақсаты:

Дербестікке, бастамашылдыққа, жауапкершілікке құндылық бағдарлары бар, өмірде өзін-өзі жүзеге асыру қабілетті, үнемі өзін-өзі анықтауға қабілетті, табысты тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің барлық мүмкіндігін іске асыру. Қормен жүйелі жұмыс жыл бойы жасалады. Оқу жылының басынан бастап оқырмандар кітапханаға тіркелді. 2023 жылдың тамыз айында кітапханаға 110 дана көркем әдебиет кітаптары толықтырылды. 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп оқушылары толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді. 1 Қыркүйек – Білім күні «Мектебім-мейірім мекені» атты кітапханада көрме өтті.

25 қазан Республика күніне орай 2-3 сынып оқушылары және 5-6 сынып арасында «Қазақстан – елім менің» атты көрме ұйымдастырылды.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 2-3 сыныптар және 5-6 сыныптар арасында «Тәуелсіздік - тұғырым» атты көрме өтті. Көрменің басты мақсаты ата-бабаларымыздың ерлігін үлгі тұтып, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихына шолу жасалды. Қысқы каникул уақытында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыста оқимыз, жадымызда тоқимыз» атты акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты. Айта кетсем, 7 сынып оқушылары Ақбота Мұратқан мен Ерәділ Рахимжанов, 10 сынып оқушысы Дамир Рахимжанов өздері ұнататын кітаптарынан қысқаша мазмұндап берді.

8 ақпанда «ДОСБОЛЛАИК: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» республикалық акциясында «Шын дос- асыл қазына» атты 2-3 сыныптар көрме ұйымдастырдым. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру мақсатында «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» мақал- мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды білуге арналған мектепалды тәрбиеленушілері мен кіші орталық тәрбиеленушілері арасында ертеңгілік өткізілді.

28 ақпанында «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Менің сүйікті кітабым» атты көрме ұйымдастырдым. Онда 5-10 сынып оқушылары сүйікті кітаптарынан үзінді оқып беріп, ұнататын ақындарының өлеңдерін жатқа айтып берді. Осылайша «Оқуға құштар мектеп» республикалық челленджіне өз үлестерін қосты. 5 сынып оқушылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» атты шығармасын жолдады. «Оқуға құштар

мектеп» жобасы аясында «Каникулда кітап оқимыз» атты марофонға 9 оқушы катысып II және III дәрежелі Дипломдармен марапатталды.23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай 2-3 сыныптар арасында «Асықтар» атты үстел үсті ойыны ойналды.Ойын барысында мақал-мәтелдің жалғасын тапты.2-3 сынып оқушылары арасында 9 Мамыр Жеңіс күніне орай «Ер есімі- ел есінде» атты көрме ұйымдастырылды.

17 мамыр «Каникулда кітап оқиық» буккроссингі бастауыш сыныптар арасында өткізілді.Оқушылар өздері оқыған кітаптарын бір-бірімен алмасты.

2023-2024 оқу жылының мектеп әкімшілігінің бекітумен жасалған жоспары бойынша жұмыс істеуде.

Кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында мен кітапханашылардың аудандық семинарларына катысып тұрамын.

Кітап қорымен жұмыс:

Кітапханада кітап қорымен жұмыс келесі құжаттар арқылы жүргізіледі.

- 1.Кітап қорының жиынтық есеп кітабы;
- 2.Оқулық қорының жиынтық есеп кітабы;
- 3.Кітапхана қорының есеп жүргізудің түгендеу кітабы;
- 4.Оқулықтар беру кітабы;

Оқу жылдары	Кітап қоры	Оқырман саны	Келушілер саны	Кітап берілу саны
2021-2022	7036	61	61	90
2022-2023	6127	99	150	120
2023-2024	8169	90	120	160

Мектеп кітапханашысы:

Токтабаева Г.С.